

Б.Ж. Ельмуратова^{1*}, Г.Ж. Ельмуратов², М.Н. Аубакиров³, М.Ж. Кулумбаева⁴^{1, 2, 4} «Торайғыров университеті» КеАҚ, Павлодар, Қазақстан;³ «Торайғыров университетінің» жоғары колледжі, Павлодар, Қазақстан(E-mail: e_botagoz@mail.ru; g_gani@mail.ru; aubakirovmaksat777@gmail.com; k_maisa1968@mail.ru)**«Еркін дала» («Свободная степь») газеті — жұмысшы қозғалысының тарихи дерегі ретінде**

Мақала Павлодар облысының Мемлекеттік архивынан табылған мерзімді баспасөз — «Еркін дала» («Свободная степь») газетіне қатысты тарихи дереккөздерді талдау негізінде Қазақстандағы жұмысшы қозғалысы мәселесін зерттеуге арналған. Мерзімді баспасөз — «Еркін дала» газетінің 1917 жылғы цифрланған бесінші нөмері және 1918 жылғы 2, 29 нөмірлері талданған. Мерзімді баспасөз зерттеушілерді көптеген фактілік материалдармен қызықтырады, соның арқасында сол кезеңдегі оқиғалар туралы көп ақпарат алуға және халықтың саяси-әлеуметтік көңіл-күйін зерттеуге болады. Авторлар № 699 қорды, яғни Тюрин Кузьма Семенович атты жеке дара қорын зерделеген, яғни «1917 жылғы «Павлодар мемлекеттік мұрағатында К.С. Тюринмен жасалынған «Свободная степь» газетінен үзінділер» атты 307-істе өңірдегі еңбекшілердің экономикалық жағдайы туралы, сонымен қатар алғашқы наразылық әрекеттері жөнінде, яғни тәртіпсіздіктер мен халықтық толқулар туралы ақпарат берілген. Тарихнамалық талдау арқылы авторлар әр кезеңдегі зерттеушілердің еңбектерінде жұмысшы қозғалысының қаншалықты зерттелгенін салыстырады. Бұл зерттеудің өзектілігі қазіргі заманғы құбылыстармен анықталады, өйткені елдің экономикалық дамуында жұмысшылар маңызды рөл атқара береді. Мақала авторлары саяси-әлеуметтік қозғалыстарды (XIX ғ. соңы – XX ғ. басы) зерттеу барысында әлі жарияланбаған жаңа тарихи деректерге сүйене отырып аймақтағы жұмысшы қозғалысының ерекшеліктерін түсінуге мүмкіндік береді деген қорытындыға келеді. Тарихи құжаттарды талдау Қазақстандағы жұмысшы қозғалысының саяси және экономикалық сипатта болғанын, осылайша қоғамдағы түбегейлі өзгерістердің жалпы жағдайына әсер еткенін көрсетеді.

Кілт сөздер: тарихи дерек, архив, «Еркін дала» («Свободная степь») газеті, жұмысшы қозғалысы.

Кіріспе

Тарихи дереккөздер — бұл кез келген адамның өмірі мен қызметінің нәтижесі, ол тарихи зерттеулерде маңызды құрал. Белгілі бір мәселені зерттеу үшін, зерттеуші сол тақырыпты терең түсінуі қажет. Осыған байланысты, «Анналар» мектебінің негізін қалаушы Люсьен Феврдің «Тарихшы — тек білетін адам емес, үнемі ізденісте болатын адам» [1; 17] деген сөзі өте орынды. Сонымен қатар, ұлы Абайдың «Тіршіліктің несі сән, тереңге бет қоймаса?» [2; 178] деген өлең жолдарын ескере отырып, біз әрқашан жаңа дереккөздер мен фактілерді іздеуге ұмтыламыз. Бұл үнемі ізденіс зерттеу жұмысымызға жаңа тың нәтижелер әкеледі. Біз өз зерттеуімізде «Еркін дала» газетін тандап, осы дереккөзді зерттеуге шешім қабылдадық.

Г.Н. Потанин өз мақалаларының бірінде баспасөзге көңіл бөле отырып, былай деп жазады: «Қазақ баспасөзінің басты мақсаттарының бірі — қазақ халқының ұлттық сана сезімін ояту болды. Алайда, оның әсері тек қоғамның жоғарғы топтарға ықпалы да толыққанды болмады, себебі ол цензураның шектеулеріне ұшырады» [3; 459].

Мерзімді басылымдар мәліметтерін тарих дерегі ретінде зерттеумен, талдаумен тарихшы-зерттеушілер айналысады. Мерзімді басылымдар — Қазақстан тарихының жазба деректерінің үлкен тобын құрайды. Және де әр кезеңде елімізде болып жатқан тарихи үрдістер мен оқиғаларды, жедел ақпаратты қарапайым халыққа жеткізіп отырған. Газет немесе журнал белгілі бір мерзімділікпен өткен оқиғаны өз бетінде бейнелейді. Газет материалдары өзінің құрамы жағынан әр алуан болып келеді. Онда ақпараттық мәліметтермен қатар өзінің мазмұны жағынан әр түрлі деректер: хаттар, күнделіктер, естеліктер т.б. ресми құжаттар, статистикалық мәліметтер, көркем шығармалар т.б. кездеседі. Деректанушы баспасөзді оның деректік маңызы мен ерекшеліктерін көрсету үшін, жалпы тарих дерегі ретіндегі ғылыми құндылығын анықтау үшін зерттейді. Сол дәуірдегі оқиғалар дамуын терең түсіну үшін мерзімді басылымдарды зерттеу аса маңызды [4; 188-193]. «Еркін дала» газеті де

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: e_botagoz@mail.ru

XX ғасырдың басындағы күнделікті өмірдің тарихын сипаттайтын құнды тарихи дереккөздердің бірі саналады.

Мақаланың мақсаты — тарихи талдаудың нақты объектісі ретінде белгілі бір басылымды тұтас алу немесе нақты бір мәтінді, яғни авторлар «Еркін дала» газетінен жұмысшы қозғалысына байланысты мәліметтерді талдауға тырысты. Ел басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен 2025 жыл «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жарияланды. Бұл экономикалық тұрақтылық пен әлеуметтік прогрестің басты факторы ретінде жұмысшы кәсіптерінің рөлін күшейтудегі стратегиялық қадам. Бұл шешім елдің тұрақты өсуі мен инновациялық дамуын қамтамасыз етуде шешуші рөл атқаратын білікті мамандарды дамытудың маңыздылығын көрсетеді. Демек, XX ғ. басындағы жұмысшы қозғалысы туралы өзекті мәселе қазіргі кезеңде де өз маңыздылығын жоғалтпаған.

Материалдар және әдістер

Мақаланың деректік материалдарын Павлодар облысының Мемлекеттік архивінің құжаттары құрайды. Атап айтқанда осы архивтің № 699 қорының, яғни Кузьма Семенович Тюриннің жеке құжаттар жинағы [5; 145-146] және 1917–1918 жылдары жарық көрген цифрланған газеттердегі маңызды мақалалар зерттеліп, Қазақстандағы жұмысшы қозғалысының дамуына қатысты деректер талданды. Кузьма Семенович Тюрин — КСРО Журналистер одағының мүшесі, Қазақстан Республикасының Бейбітшілікті қорғау комитетінің мүшесі, Кеңес Одағының Бейбітшілік қорының облыстық бөлімшесі басқарма бюросының мүшесі, өлкетанушы әрі тарихи құжаттар мен кітаптардың коллекционері. Жалпы 699-қор — Кузьма Семенович Тюриннің қоры 1904 сақтау бірлігінен тұрады, онда Қазақстанның революцияға дейінгі кезеңі, оның ішінде өлкетанушы жинаған Павлодар-Ертіс өңірі туралы мәліметтер бар. Мысалы, қорда 1917 жылғы «Свободная степь» газетінен үзінділер, 1900-1902 жылдарға арналған «Семей облыстық ведомосі» газетінен үзінділер, 1916-1918 жылдардағы Павлодар уезіндегі революциялық оқиғалар туралы құжаттардың көшірмелері, олар ҚазКСР Орталық мемлекеттік басқармасында, ГАСА-да, ГАОО-да анықталған құжаттар, сонымен қатар ГАОО қорынан анықталған 1908, 1916-1917 жж. Павлодар Ертіс өңірінің құжаттарының көшірмелері мен үзінділері. Біз мақаламызға қажетті «Свободная степь» газетінің үзінділерінен ақпарат алуға тырыстық.

№ 699 нөмірдегі жеке құжаттар жинағы жұмысшы қозғалысының тарихи оқиғаларын түсіну үшін өте маңызды және құнды дереккөз. Павлодар облысының Мемлекеттік архивіндегі 699-қордың 307-ісінде К.С. Тюрин құрастырған 1917 жылғы «Еркін дала» газетінің 28 материалынан тұратын үзінділер жинақталған. Газет сол кезеңде социалистік-демократиялық бағытта шығып тұрған, сәрсенбі және сенбі күндері жарық көріп, бағасы 10 тиын болған [6; 1]. Сонымен қатар, мақаланың негізгі материалдарын С. Торайғыров атындағы Павлодар облыстық Әмбебап ғылыми кітапханасы тарапынан цифрлық форматқа көшірілген «Еркін дала» газетінің 1917 жылғы және 1918 жылғы басқа да сандары (газеттің кейбір нөмірлері сақталмаған, мысалы 1917 жылғы — 1, 20, 35, 46 сандары жоқ; 1918 жылғы — 12, 19, 26, 30, 33, 34, 39-42, 44-46 сандары жоқ) құрайды.

Мақаланы жазу барысында жалпы ғылыми әдістер, соның ішінде талдау мен синтез әдістері, сонымен қатар арнайы тарихи әдістер — салыстырмалы-тарихи және проблемалық-хронологиялық әдістер қолданылды. Анализ және синтез әдісін қолдану барысында, мақалада архив құжаттар мен қоса мерзімді басылым «Свободная степь» газеті зерттелді.

Салыстырмалы тарихи әдіс арқылы әр жылдары (1917 және 1918 ж.) және әртүрлі аумақтарда (жалпы Қазақстан бойынша және Павлодар-Ертіс өңірінде) болған өзгерістерге тарихи салыстырулар жүргізілді. Проблемалық хронологиялық әдіс жұмысшы қозғалысының дамуы динамикасын бірізділікпен зерттеуге мүмкіндік тудырды.

Нәтижелері

«Еркін дала» газетінің алғашқы нөмірінде ел ішіндегі толқуларға ерекше назар аударылған. Мақалада халық санасына әсер еткен төңкеріс жайлы: «Бұған дейін ғасырлық тыныштық болған, енді бүкіл ел оянды» деп сипатталған [7; 49]. Яғни жалпы елдегі пайда болған жағдай, әр адамға, әр жұмысшы адамға өз әсерін тигізді.

М. Тынышпаевтың «Қазақ халқының тарихы» атты еңбегінде әлеуметтік-саяси қозғалыстардың қалыптаса бастағанын көреміз [8]. Оның «Қырғыздар және азаттық қозғалысы» атты, автономистердің бірінші съезіне арналған баяндамасында өңірдегі жер мәселесінің өзектілігі мен

халық арасында толқулардың басталғаны атап көрсетіледі. Толқулар — бұл адамдардың алғашқы наразылықтары болған, кейін наразылық қозғалыстарға ұласты.

«Еркін дала» газеті де қоғамдық-саяси қозғалыстардың негізгі бағыттарының бірі — облысшылдық мәселесіне назар аударған (бұл мәселені Захаренко Альберт Леонидович тереңірек зерттеген). Бұл жөнінде газет жарық көре бастағаннан бір апта өткен соң, яғни 19 тамызда, мәтіннен екі есе үлкен әріптермен, атаусыз және дереккөзсіз келесі ақпарат жарияланған: «ТОМСК. 11 тамыз. 50 қатысушыдан құралған Сібір облыстық съезі Сібірге кең автономия беру қажет деп шешім қабылдады» [9; 77]. Яғни бұл мерзімді басылымда әртүрлі мәселелер қарастырылған.

Газеттің екінші саны азық-түлік мәселесі мен халықты тауармен қамтамасыз етуге қатысты ресми бұйрықтар мен хабарландыруларға арналған. Онда Павлодар уезіндегі шаруалар депутаттарының бірінші және екінші съездерінің қорытындылары келтірілген. Съезд барысында өзекті (аграрлық сипаттағы) мәселелер мен проблемалар талқыланды. Барлық мәселелер шешімін тапқаннан кейін, съезд «Іске сәт!» деген ұранмен таратылған. Сондай-ақ, сол нөмірде сол кезеңнің маңызды мәселелері, Құрылтай жиналысына сайлау, земство енгізу мәселелері талқыланды съезд хаттамасы жарияланған [10; 51-55].

Мұндай жағдайлар жұмысшылардың өмір сүру деңгейі мен еңбек ақысының көтерілуін талап етеді. Мысалы, жұмысшылардың орташа айлық табысы 58 рубль 45 тиынды құрайды, ал негізгі тұтыну заттарының бағасы 1-шілдеге дейін 250%-ға артты. Жалақының көтерілуі жұмысшылар үшін 33%, ал қызметкерлер үшін 25%-ды құрады. Екібастұздағы шахтерлердің тұрмыс жағдайы өте нашар. Жұмысшылар уақытша салынған барактарда тұрып жатса, қырғыздар мен әскери тұтқындар жер үйлерде тұрады. Таза ауыз су жоқ, олар ащы суды ішуге мәжбүр. Жұмысшылар арасында ауру деңгейі өте жоғары. Олар ай сайынғы жалақыны 30 рубльге дейін көтеруді, ал жасөспірімдер үшін 15 рубль талап етеді, өйткені бұл еңбек өнімділігін арттырады деп сенеді [11]. Яғни, жұмысшылардың жағдайы өте ауыр болғаны көрсетілген. Сонымен қатар жалпы елдегі қоғамдық-саяси өмірдегі жұмысшылардың рөлі жоғарылады. Және де орыс және қазақ жұмысшылардың арасындағы еңбек ақысы әр түрлі болды.

Е. Дильмухамедов өзінің Қазақстандағы кеншілердің революциялық қозғалыс тарихы туралы зерттеуінде, яғни қазақ кеншілерінің ереуілдерін Ресей империясының құрамына кіруінен кейінгі оқиғалармен байланыстырады. Ол олардың экономикалық сипатын көрсетіп, Қазақстандағы кәсіпорындардағы еңбек жағдайларын салыстырмалы түрде талдайды [12; 24].

Сібірдегі жұмысшылар үшін төмен жалақы жалғыз табыс көзі болғандықтан, бұл өмір сүру үшін күрестің бір көрінісі ретінде қарастырылды [13; 25-32].

1917 жылдың қарашасында «Еркін дала» газетін шығарушы редакция Павлодардағы Кооперативтер қоғамына өтеді. Газеттің алғашқы шығарылуына 1917 жылдың тамызында жеке тұлғалардың қолдауымен қаражатсыз бастама жасалған. Газеттің негізгі қаржыландыру көзі ретінде Павлодар уезінің азық-түлік басқармасы 1000 рубль бөлді, бұл газетті өздері белгіленген тәртіп бойынша тарату міндетін жүктеді. Оның редакциясы және кеңсесі Владимир көшесіндегі Дерев үйінде орналасқан [14; 14].

1917 жылдың 7 қарашасындағы «Еркін дала» газетінің №28 санында Павлодар қаласындағы көшедегі тәртіпсіздіктер мен халық толқулары туралы баяндалады. Павлодарда үш күн бойы қалыпты өмір қалыптастырылмады, өйткені халық таңертеңнен бастап жиналып, толқып кетті. Нәтижесінде дүкендер жабылып, азық-түлік комитеттері жұмысын тоқтатып, мектептерде сабақтар өткізілмеді. Осының бәрі халықтың сайлау карточкаларын алу үшін басқармаға баруды ұмытуына алып келді. Қалың жұрт сәуір айындағы оқиғаларды еске алып, тұтқындар мен азаматтарды тексеру әрекеттерін бастады. Құлыптар бұзылып, кілттер күшпен алынған, бейбіт тұрғындардың үйіне басып кіріп, табылған заттар белгісіз түрде жинақталды. 1-қарашада кооператор, шаруа Косокор кооперативтің қоймасында заңсыз тексеру барысында шаруаларға сатылған қантты тапқаны үшін ауыр соққыға жығылды. Соққыға жығылып, милицияға қамалған ол кейіннен жергілікті құқық қорғау органдарына ауыстырылып, ақырында түрмеге жіберілді. 2-қарашада халықтың арасында құрметке ие, мейірімді және ерікті қызметкер П.А. Бурнашев — уездік милиция бастығы да соққыға жығылды. Қалада әйелдер жақында болатын басып-жаншу туралы қауесет тарата бастады. Үш күн бойы 1000 адамға жуық халықтың көбін көріп, тыңдауға келген саналы адамдар құрады, ал оларды тәртіпсіз басқарушы ретінде қылмыскер әйелдер мен қатаң жазаланған тұлғалар әрекет етті. Қант бағасының өсуі осы бүлікшіл әрекеттердің негізгі себебі ретінде қарастырылмады. Осы оқиғалар қараша айының алғашқы үш күнінде орын алды. Бұқара арасында жергілікті гарнизонның сарбаздары да болған,

бірақ олар ешқандай әрекет жасауға қауқарсыз еді. Тіпті сарбаздар оларды бақылаған әйелдерден қорқып, олардың іс-әрекеттеріне ешқандай тосқауыл қоюға тырыспады [15; 17-18].

1917 жылғы 12-қарашада жарық көрген «Еркін дала» газетінің №33 санында қалада үш күн бойы орын алған тәртіп бұзушылықтардан кейін Жұмысшылар мен сарбаздар депутаттары кеңесінің кезекті жиынында әскери жағдайды енгізу мәселесі кеңінен қарастырылғаны жөнінде мәлімет беріледі. Кеңес мүшелері сол тұста халықты сабырлылық пен қоғамдық тәртіпті сақтауға шақырған [16; 28]. Дәл осы күні, яғни 12-қарашада, енгізілген әскери жағдайдың күші жойылғаны хабарланады [17; 30]. Сонымен, қарашаның алғашқы күндерінде өлкедегі ауыр, қиын жағдай болғаны, сонымен қатар кішігірім ереуілдер пайда болатыны анық суреттелінген.

Зерттеуші А.Б. Тұрсынбаевтың еңбектерінде Кеңес өкіметінің Көкшетау қаласында ғана емес, сондай-ақ Семей облысына қарасты өзге де уездерде, атап айтқанда, Павлодар мен Өскеменде орнағаны туралы нақты әрі расталған деректер келтіріледі. Бұл саяси өзгерістер мен билік ауысу процесі 1917 жылдың қарашасынан 1918 жылдың ақпанына дейінгі аралықта жүзеге асқан [18; 208].

«Еркін дала» газетінің 47-нөмірінде Павлодарда Қызыл гвардия жасақтарының құрылуы жөнінде баяндалады. Онда бұл әскери құрамның нақты саны — 250 адам екені аталып, олардың ұйымдасқан әрекеттері туралы сөз қозғалады. Алайда, басылым бұл жасақтарды аты-жөні беймәлім, жабық түрде әрекет ететін қарулы адамдар ретінде сипаттап, олардың бейбіт өмірге қауіп төндіруі мүмкін екенін, қала мен уезде анархиялық жағдай туғызуға ұмтылып отырғанын алға тартады [19; 33].

Қ. Нұрпейісов өз еңбегінде осы мәселеге тоқталып, былай деп жазады: «Павлодардағы кадеттердің ресми басылымы — «Еркін дала» газеті Қызыл гвардияның құрылуын жергілікті әскери күштер мен казактарға бағытталған тікелей саяси қарсылық ретінде бағалап, оны жедел түрде жою қажеттігін ұсынды. Бұл жағдайдан кейін өңірде революциялық қозғалыстармен күресу мақсатында құрамына шектен тыс реакциялық көзқарастағы адамдар енген арнайы ерікті жасақ құрылды» [20; 39].

1918 жылғы газет басылымдары сол дәуірдегі әлеуметтік жағдайды тереңірек зерделеуге мүмкіндік береді. Мысалы, 3-қаңтарда жарық көрген №2 санында Т. Бездомныйдың «Жаңа жылыңмен, езілген халық!» атты өлеңі жарияланды. Бұл поэзиялық туындыда келесі шумақтар келтірілген:

«Жаңа жыл табалдырықта тұр,
Бірақ ол — жастай қажыған жан.
Қайғы мен уайымға оранып,
«Жаңа бақытпен!», – деп қағады әрбір есікті...» [21; 1].

Яғни, 1917 жылдағы болған жағдай, әрі қарай жаңа жылда жалғасады деген ой пайда болады. Адамдар сол қиын қыстау кезеңнен әбден шаршап, бірақ та үміттерін үзбей өмір сүреді.

Сол сияқты, 21 ақпанда шыққан №29 санында жұмысшыларға көрсетілген қысым мен қоғамдық тұрақсыздықтар туралы мәліметтер тағы да жарияланып, олар өз наразылығын ашық білдіре алмай, үнсіз қалуға мәжбүр болғаны айтылады [22; 2].

Аталған фактілер ХХ ғасырдың басында жұмысшы табының әлеуметтік жағдайы ауыр болғанын, өмір сүру деңгейінің төмендігін және олардың болашаққа деген сенімінің әлсірегенін айқын көрсетеді.

Талқылау

Кеңестік кезеңде М.Х. Асылбеков, Е. Дильмұхамедов, А.П. Кияница [23] сияқты бірқатар ғалымдар жұмысшы табының жекелеген топтарын — теміржолшыларды, кеншілерді, сондай-ақ «Орыс-қырғыз (казак) одағының» қызметін зерттеген. Е.Б. Бекмахановтың [24] еңбегінде жұмысшы табының тарихына қатысты құнды мәліметтер келтірілген. Мысалы, ХІХ ғасырдың аяғында Семей өңіріндегі зауыттар мен шахталардан жұмысшылардың жаппай қашуы туралы және қоныс аударған шаруалардың қозғалысы туралы мәліметтер берілген, яғни сол кезеңдегі наразылық қозғалыстардың пайда болуы байқалады.

Ш. Шафиро [25] өз зерттеуінде РСДРП-ның құрылуы мен қызметін, сондай-ақ кәсіподақ қозғалысының қалыптасу мәселелерін қарастырады, бұл қозғалыс жұмысшы қозғалысымен тығыз байланысты болғаны белгілі. ХХ ғасырдың 80-жылдарының соңында С. Игибаевтың [26] революцияға дейінгі Қазақстандағы өнеркәсіп жұмысшылары туралы монографиясы жарық көрді.

Қазіргі кезеңде саяси-әлеуметтік қозғалыстарға, атап айтқанда аграрлық қозғалысқа қатысты бірқатар диссертациялық жұмыстарды атап өтуге болады. Мысалы, О.Х. Мухатованың [27] еңбегі. С.Г. Белоустың «Қазақстандағы аграрлық мәселе ХІХ ғасырдың аяғы — ХХ ғасырдың басында және оның «Қазақстан тарихы» курсына қатынасы» [28] деген зерттеуінде кенестік кезеңдегі аграрлық мәселелер қарастырылған. Жұмысшы қозғалысы аграрлық қозғалыспен тығыз байланысты болғандықтан, бұл жұмыстарға ерекше назар аударуға лайық деп санаймыз. Ж.М.-А. Асылбекова мен басқа авторлардың мақаласында революцияға дейінгі кезеңдегі ұлттық жұмысшы кадрларының тарихы қарастырылады, бұл Қазақстанның ұлттық индустриалды кадрларының қалыптасуындағы маңызды кезең [29]. Қазақстандағы саяси-әлеуметтік қозғалыстардың тарихнамасына арналған оқу құралы Б.Ж. Ельмуратова [30] тарапынан жазылған.

Ресейлік зерттеушілер В.П. Зиновьев пен В.Н. Фараоновтың бірқатар еңбектері индустриялық органның қалыптасу ерекшеліктерін, кадрлардың жасақталуын және Сібір жұмысшыларына қатысты жекелеген мәселелерді зерттеуге арналған [31].

Алайда, Қазақстандағы жұмысшы қозғалысын зерттеуде тарихи дереккөз ретінде «Еркін дала» газетін арнайы қарастыратын зерттеулер әзірге жоқ.

Қорытынды

Жазбаша тарихи деректердің ішіндегі ең маңызды әрі құнды түрлерінің бірі — мерзімді баспасөз басылымдары. Қазақстандағы қоғамдық пікір мен саяси бағытты қалыптастыруда «Еркін дала» газеті негізгі ақпарат құралы қызметін атқарған. Бұл басылым өз кезеңіндегі қоғамдық-саяси ахуал, әлеуметтік өзгерістер, халықтың күнделікті өмірі туралы нақты әрі шынайы мәліметтер ұсына отырып, зерттеушілер үшін таптырмас дереккөзіне айналды.

Газет материалдарын талдау арқылы аймақтағы жұмысшы қозғалысының өрбу барысын және баспасөздің қоғамдық бағыт-бағдарын жан-жақты сипаттауға болады. Мерзімді басылымдар мен архивтік құжаттар тарихи-деректанулық тұрғыдан аса құнды әрі бірегей қайнар көз болып саналады. Олар зерттеушілердің дерекқорын толықтырып, ғылыми ізденістің негізін құрайды.

Мерзімді басылымдар мен архивтік құжаттар құнды тарихи дерек болып табылады және зерттеушінің деректік қорында негізгі орындардың бірін алады. Сонымен, мерзімді басылым «Еркін дала» газеті орыс тілінде шыққан; сол кезеңдегі басты өзекті мәселені анықтауға мүмкіндік берді; сол кезеңдегі мерзімді басылымдар әр түрлі белгілеріне қарай немесе қоғамдық саяси бағыттарына қарай дамыды. Ал зерттеуші мерзімді басылымды тарихи дерек ретінде пайдаланып, одан объективті мағлұмат ала алады.

Павлодар облысының Мемлекеттік архивінде сақталынған №699 қордан және Кузьма Семенович Тюриннің жеке қорынан құнды, қажетті мәліметтерді алуға болады.

Зерттелініп отырған мәліметтер Қазақстандағы жұмысшы қозғалысының дамуына зор үлес қосқаны анық байқалады. Жұмысшылар ерекше әлеуметтік тобын қалыптастырды. Жалпы тарихнамада зерттелінген сұрақтар және мерзімді басылымдар мен архивтік құжаттардағы мәліметтер барлығы жұмысшы қозғалысының басты мақсаты — жұмысшылардың жалақысын жоғарту, жұмыс күнін қысқарту және еңбек жағдайын жақсарту болғанын дәлелдейді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Зайцева Т.И. Зарубежная историография: ХХ – начало ХХІ века: учебное пособие / Т.И. Зайцева. — М.: Изд.центр «Академия», 2013. — 144 с.
- 2 Құнаңбайұлы А. Өлеңдер, аудармалар, поэмалар / А. Құнаңбайұлы. — Алматы: Атамұра, 2020. — 288 б.
- 3 Алдажуманов Қ.С. Движение Алаш. Сборник документов и материалов. Апрель 1901 г. – декабрь 1917 г. / Қ.С. Алдажуманов, А.С. Зұлқашева, М.Қ. Қойгелдиев и др.; под общ.ред. М.Қ. Қойгелдиев. – Алматы: Алаш, 2004. — Т. 1. — 552 с.
- 4 Атабаев К.М. Қазақстан тарихының деректанулық негіздері: оқу құралы / К.М. Атабаев. — Алматы: Қазақ университеті, 2002. — 302 б.
- 5 Ельмуратова Б.Ж. Важность исторических источников — фонды личного происхождения / Б.Ж. Ельмуратова, М.Ж. Кулумбаева, М.Н. Аубакиров // Материалы международной научно-практической конференции «ХІІІ Торайғыровские чтения». — Павлодар: Торайғыров университеті, 2021. — Т. 2. — С. 144-148.
- 6 Государственный архив Павлодарской области (далее — ГА ПО). — Ф. 699. — Оп. 1. — Д. 307. — Л. 1.
- 7 ГА ПО. — Ф. 699. — Оп. 1. — Д. 307. — Л. 49.

- 8 Тынышпаев М. Киргизы и освободительное движение / М. Тынышпаев // Русский Туркестан. — 1906. — 1 января; Тынышпаев М. История казахского народа / М. Тынышпаев. — Алма-Ата: Қазақ университеті, 1993. — 224 с.
- 9 Захаренко А.Л. Идеи областничества на страницах павлодарской печати в 1917 — нач. 1918 г. / А.Л. Захаренко // Вестник Томского государственного университета. — 2011. — №2(14). — С. 77-79.
- 10 ГА ПО. — Ф. 699. — Оп. 1. — Д. 307. — Л. 51-55.
- 11 Газета Свободная степь. — №5 от 26 августа 1917 г.
- 12 Дильмухамедов Е.Д. Революционное движение горнорабочих Казахстана в начале XX в. (1900-1917 гг.) / Е.Д. Дильмухамедов. — Алма-Ата: Казгосиздат, 1955. — 128 с.
- 13 Фараонов В.Н. Характер доходов рабочих Западной Сибири конца XIX – начала XX в. / В.Н. Фыранов // Сибирские исторические исследования. — 2013. — № 2. — С. 25-32.
- 14 ГА ПО. — Ф. 699. — Оп. 1. — Д. 307. — Л. 14.
- 15 ГА ПО. — Ф. 699. — Оп. 1. — Д. 307. — Л. 17-18.
- 16 ГА ПО. — Ф. 699. — Оп. 1. — Д. 307. — Л. 28.
- 17 ГА ПО. — Ф. 699. — Оп. 1. — Д. 307. — Л. 30.
- 18 Турсунбаев А.Б. Казахский аул в трех революциях — Алма-Ата: Казахстан, 1967. — 483 с.
- 19 ГА ПО. — Ф. 699. — Оп. 1. — Д. 307. — Л. 33.
- 20 Нурпеисов К. Советы Казахстана в борьбе за упрочение власти рабочих и крестьян / К. Нурпеисов. — А-Ата, 1968, С. 39; Ельмуратова Б.Ж. Историография социально-политических движений в Казахстане: учебное пособие / Б.Ж. Ельмуратова. — Павлодар: Кереку, 2008. — 121 с. [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://refdb.ru/look/1717342-pall.html>
- 21 Газета «Свободная степь». — № 2 от 3 января 1918 г. — С. 1.
- 22 Газета «Свободная степь». — № 29 от 21 февраля 1918 г. — С. 2.
- 23 Дильмухамедов Е.Д. Революционное движение горнорабочих Казахстана в начале XX в. (1900-1917 гг.) / Е.Д. Дильмухамедов. — Алма-Ата: Казгосиздат, 1955. — 128 с.; Кияница А.П. Большевики Северного Казахстана в период первой русской революции (1905-1907 гг.) / А.П. Кияница. — Алма-Ата: Казгосиздат, 1955. — 120 с.; Асылбеков М.Х. Железнодорожники Казахстана в первой русской революции 1905-1907 гг. — Алма-Ата: Наука, 1965. — 182 с.; Асылбеков М.Х. Формирование и развитие кадров железнодорожников Казахстана (1917-1970 гг.) / М.Х. Асылбеков. — Алма-Ата, 1973; Дильмухамедов Е.Д. Очерки истории рабочего класса дореволюционного Казахстана: II пол. XIX – начало XX веков / Е.Д. Дильмухамедов, Ф. Маликов. — А-Ата: Акад. наук КазССР, 1963. — 270 с.
- 24 Бекмаханов Е.Б. Присоединение Казахстана к России / Е.Б. Бекмаханов. — М.: АН СССР, 1957. — 339 с.; Бекмаханов Е.Б. Собрание сочинений в семи томах / Е.Б. Бекмаханов. — Павлодар: ТОО НПФ «ЭКО», 2005. — Т. 5. Сборник научных статей. — 267 с.
- 25 Шафиро Ш. Первые группы РСДРП и начало профсоюзного движения в Казахстане (1905-1907 гг.) / Ш. Шафиро. — Алма-Ата: Казахстан, 1964. — 215 с.
- 26 Игибаев С.К. Промышленные рабочие дореволюционного Казахстана 1861-1917 гг. / С.К. Игибаев. — Алматы: Наука, 1991. — 178 с.
- 27 Мухатова О.Х. Қазақстандағы аграрлық өзгерістер тарихнамасы (XIX ғ. соңы – XX ғасыр): тарих ғыл. д-ры ... дисс. Маманд. 07.00.09 / О.Х. Мухатова. — Алматы: Әл-Фараби ат. ҚазҰУ, 1999. — 355 б.
- 28 Белоус С.Г. Аграрный вопрос в Казахстане в конце XIX – начале XX веков и его отражение в курсе «История Казахстана»: дис. ... д-ра философии (PhD): 6D011400 — История / С.Г. Белоус. — КазНПУ им. Абая. — Алматы, 2019. — С. 135.
- 29 Asylbekova Zh.M. To the question of the formation of kazakh workers in the pre-revolutionary period / Zh.M. Asylbekova, T.A. Apendiyev, A.D. Zhusupova // Abai Kazakh National Pedagogical University. Series “Historical and socio-political sciences”. — 2023. — No 1(76). — P. 7-18. DOI:<https://doi.org/10.51889/1728-5461.2023.1.76.001>.
- 30 Ельмуратова Б.Ж. Историография социально-политических движений в Казахстане: учебное пособие / Б.Ж. Ельмуратова. — Павлодар: Кереку, 2008. — 121 с.
- 31 Зиновьев В.П. Индустриальные кадры старой Сибири / В.П. Зиновьев. — Томск: Изд-во Том.ун-та, 2007. — 258 с.; Зиновьев В. Современная историография индустриальных кадров дореволюционной Сибири / В. П. Зиновьев // Сибирские исторические исследования. — 2013. — № 1. — С. 31-42; Зиновьев В.П. Виды заработной платы горнорабочих Сибири во второй половине XIX — начале XX в. / В.П. Зиновьев // Сибирские исторические исследования. — 2014. — № 3. — С. 24-45; Фараонов В.Н. Характер доходов рабочих Западной Сибири конца XIX – начала XX в. / В.Н. Фараонов // Сибирские исторические исследования. — 2013. — № 2. — С.25-32.

Б.Ж. Ельмуратова, Г.Ж. Ельмуратов, М.Н. Аубакиров, М.Ж. Кулумбаева

Газета «Свободная степь» — исторический источник рабочего движения

Статья посвящена исследованию рабочего движения в Казахстане на основе анализа исторических источников, найденных в Государственном архиве Павлодарской области. В частности, анализируется периодическая печать — газета «Свободная степь», включая оцифрованные номера: пятый номер за 1917 год и номера 2 и 29 за 1918 год. Периодическая печать привлекает исследователей большим количеством фактического материала, благодаря которому можно выделить обширные сведения о событиях того времени, а также изучить политическое и социальное настроение населения. Авторами изучен фонд 699 — фонд личного происхождения Тюринна Кузьмы Семёновича, а именно дело №307 «Выписки из газеты „Свободная степь“ за 1917 год, сделанные К.С. Тюриным и хранящиеся в Павлодарском государственном архиве. В этих выписках приведены сведения об экономическом положении рабочих края, а также о первых попытках протеста — уличных беспорядках и народных волнениях. Проводя историографический анализ, авторы сравнивают степень изученности проблемы рабочего движения в трудах исследователей разных периодов. Актуальность исследования обусловлена тем, что рабочие и сегодня продолжают играть важнейшую роль в экономическом развитии страны. Авторы пришли к выводу, что изучение социально-политических движений конца XIX — начала XX века на основе новых, ранее не опубликованных исторических источников позволяет глубже понять особенности рабочего движения в крае. Анализ исторических документов показывает, что движение рабочих Казахстана носило политический и экономический характер, то есть, таким образом, повлияло на общее положение радикальных изменений в обществе.

Ключевые слова: исторический источник, архив, газета «Свободная степь», рабочее движение.

B.Zh. Yelmuratova, G.Zh. Yelmuratov, M.N. Aubakirov, M.Zh. Kulumbaeva

The Newspaper “Free step” — Historical Source of the Workers' Movement

This article examines the labor movement in Kazakhstan, based on an analysis of historical sources found in the State Archives of the Pavlodar Region. The periodical “Free Step” newspaper was analyzed, along with its digitized issues, including issue number 5 from 1917 and issues 2 and 29 from 1918. The periodical press attracts researchers with an abundance of factual material, thanks to which one can glean a large amount of information about the events of that period and study the political and social mood of the population. The authors studied collection 699, a collection of personal origin — the collection of Kuzma Semenovich Tyurin, namely file 307, “Extracts from the newspaper Svobodnaya Steppe for 1917 made by K.S. Tyurin in the Pavlodar State Archives,” which provides information on the economic situation of the region’s workers, on the first attempts at protest — street riots and civil unrest. Through a historiographical analysis, the authors compare the extent to which the labor movement has been studied in the works of researchers from different periods. The relevance of this research is determined by contemporary phenomena, where workers continue to play a vital role in the country’s economic development. The authors of the article come to the conclusion that the study of socio-political movements (late 19th century – early 20th century) based on new unpublished historical sources makes it possible to understand the characteristics of the labor movement in the region. An analysis of historical documents shows that the workers’ movement in Kazakhstan was political and economic in nature, thus influencing the overall situation of radical changes in society.

Key words: historical source, archive, newspaper «Free Step», labor movement.

References

- 1 Zaitseya, T.I. (2013). *Zarubezhnaia istoriografiia: XX — nachalo XXI veka: uchebnoe posobie* [Foreign historiography: the XX — beginning of the XXI century: a textbook]. Moscow: Izdatelskii tsentr «Akademiiia» [in Russian].
- 2 Kunanbaiuly, A. (2020). *Olender, audarmalar, poemalar* [Poems, translations]. Almaty: Atamura [in Kazakh].
- 3 Aldazhumanov, K.S., Zulkasheva, A.S., & Koigeldiev M.K. et al. (Ed.). (2004). *Dvizhenie Alash. Sbornik dokumentov i materialov. April 1901 g. – dekabr 1917 g.* [The Alash movement. Collection of documents and materials. April 1901 – December 1917]. Vol. 1. Almaty: Alash [in Kazakh, in Russian].
- 4 Atabayev, K.M. (2002). *Qazaqstan tariqhynyn derektanulyk negizderi* [Source-based foundations of the history of Kazakhstan]. Almaty: Qazaq universiteti [in Kazakh].
- 5 Elmuratova, B.Zh., Kulumbaeva, M.Zh., & Aubakirov, M.N. (2021). Vazhnost istoricheskikh istochnikov — fondy lichnogo proiskhozhdeniia [The Importance of Historical Sources — Personal Funds]. *Materialy Mezhdunarodnoi nauchno-prakticheskoi*

konferentsii «XIII Toraigyrovskie chteniia» — Proceedings of the International Scientific and Practical Conference «XIII Toraighyrov Readings» (29 oktiabria 2021 goda) (pp. 144-148). Vol. 2. Pavlodar: Toraighyrov universiteti [in Russian].

- 6 GA PO [State Archives of Pavlodar Region]. — F. 699. — Op. 1. — D. 307. — L. 1 [in Russian].
- 7 GA PO [State Archives of Pavlodar Region]. — F. 699. — Op. 1. — D. 307. — L. 49 [in Russian].
- 8 Tynyshpaev, M. (1993). Kirgizy i osvoboditelnoe dvizhenie [The Kirghiz and the Liberation Movement]. *Russkii Turkestan — Russian Turkestan*, 1906, 1 January [in Russian]; Alma-Ata: Qazaq universiteti [in Russian].
- 9 Zakharenko, A.L. (2011). Idei oblastnichestva na stranitsakh pavlodarskoi pechati v 1917 — nachalo 1918 g. [Ideas of regionalism on the pages of the Pavlodar press in 1917-early 1918]. *Vestnik Tomskogo gosudarstvennogo universiteta — Bulletin of Tomsk State University*, 2(14), 77-79 [in Russian].
- 10 GA PO [State Archives of Pavlodar Region]. — F. 699. — Op. 1. — D. 307. — L. 51-55 [in Russian].
- 11 (1917). *Gazeta Svobodnaia step* [Free Steppe newspaper]. 5 (26 avgusta 1917 g) [in Russian].
- 12 Dilmukhamedov, E.D. (1955). *Revoliutsionnoe dvizhenie gornorabochikh Kazakhstana v nachale XX v. (1900-1917 gg.)* [Revolutionary movement of miners in Kazakhstan at the beginning of the 20th century (1900-1917)]. Alma-Ata: Kazgosizdat [in Russian];
- 13 Faraonov, V.N. (2013). Kharakter dokhodov rabochikh Zapadnoi Sibiri kontsa XIX – nachala XX v. [The nature of income of workers in Western Siberia in the late 19th – early 20th centuries]. *Sibirskie istoricheskie issledovaniia – Siberian Historical Research*, 2, 25-32 [in Russian].
- 14 GA PO [State Archives of Pavlodar Region]. — F. 699. — Op. 1. — D. 307. — L. 14 [in Russian].
- 15 GA PO [State Archives of Pavlodar Region]. — F. 699. — Op. 1. — D. 307. — L. 17-18 [in Russian].
- 16 GA PO [State Archives of Pavlodar Region]. — F. 699. — Op. 1. — D. 307. — L. 28 [in Russian].
- 17 GA PO [State Archives of Pavlodar Region]. — F. 699. — Op. 1. — D. 307. — L. 30 [in Russian].
- 18 Tursunbaev, A.B. (1967). *Kazakhskii aul v trekh revoliutsiakh* [Kazakh village in three revolutions]. Alma-Ata: Kazakhstan [in Russian].
- 19 GA PO [State Archives of Pavlodar Region]. — F. 699. — Op. 1. — D. 307. — L. 33 [in Russian].
- 20 Nurpeisov, K. (1968). *Sovety Kazakhstana v borbe za uprochenie vlasti rabochikh i krestian* [The Councils of Kazakhstan in the Struggle to Strengthen the Power of Workers and Peasants]. Alma-Ata [in Russian]; Elmuratova, B.Zh. (2008). *Istoriografiia sotsialno-politicheskikh dvizhenii v Kazakhstane* [Historiography of socio-political movements in Kazakhstan]. Pavlodar: Kereku. Retrieved from <https://refdb.ru/look/1717342-pall.html> [in Russian].
- 21 *Gazeta Svobodnaia step* [Free Steppe newspaper], 2, 1 (3 yanvaria 1918 g.) [in Russian].
- 22 *Gazeta Svobodnaia step* [Free Steppe newspaper], 29, 2 (21 fevralia 1918 g.) [in Russian].
- 23 Dilmukhamedov, E.D. (1955). *Revoliutsionnoe dvizhenie gornorabochikh Kazakhstana v nachale XX v. (1900-1917 gg.)* [Revolutionary movement of miners in Kazakhstan at the beginning of the 20th century (1900-1917)]. Alma-Ata: Kazgosizdat [in Russian]; Kiiianitsa, A.P. (1955). *Bolsheviki Severnogo Kazakhstana v period pervoi russkoi revoliutsii (1905-1907 gg.)* [Bolsheviks of Northern Kazakhstan during the first Russian revolution (1905-1907)]. Alma-Ata: Kazgosizdat [in Russian]; Asylbekov, M.Kh. (1965). *Zheleznodorozhniki Kazakhstana v pervoi russkoi revoliutsii 1905-1907 gg.* [Railway workers of Kazakhstan in the first Russian revolution of 1905-1907]. Alma-Ata: Nauka [in Russian]; Asylbekov, M.Kh. (1973). *Formirovanie i razvitie kadrov zheleznodorozhnikov Kazakhstana (1917-1970 gg.)* [Formation and development of railway personnel in Kazakhstan (1917-1970)]. Alma-Ata [in Russian]; Dilmukhamedov, E.D., & Malikov, F. (1963). *Ocherki istorii rabocheho klassa dorevoliutsionnogo Kazakhstana: II polovina XIX – nachalo XX vekov* [Essays on the history of the working class of pre-revolutionary Kazakhstan, second half of the 19th – early 20th centuries]. Alma-Ata: Akademii Nauk KazSSR [in Russian].
- 24 Bekmakhanov, E.B. (1957). *Prisoedinenie Kazakhstana k Rossii* [The accession of Kazakhstan to Russia]. Moscow: Akademii Nauk SSSR [in Russian]; Bekmakhanov, E.B. (2005). *Sobranie sochinenii v semi tomakh. (Sbornik nauchnykh statei)* [Collected Works in Seven Volumes (Collection of Scientific Articles)]. Vol. 5. Pavlodar: TOO NPF «EKO» [in Russian].
- 25 Shafiro, Sh. (1964). *Pervye gruppy RSDRP i nachalo profsoiuznogo dvizheniia v Kazakhstane (1905-1907 gg.)* [The first groups of the RSDLP and the beginning of the trade union movement in Kazakhstan (1905-1907)]. Alma-Ata: Kazakhstan [in Russian].
- 26 Igibaev, S.K. (1991). *Promyshlennye rabochie dorevoliutsionnogo Kazakhstana 1861-1917 gg* [Industrial workers of pre-revolutionary Kazakhstan 1861-1917]. Almaty: Nauka [in Russian].
- 27 Mukhatova, O.Kh. (1999). *Qazaqstandagy agrarlyq ozgerister tarikhnamasy (XIX g. sony – XX gasyr)* [Historiography of agrarian changes in Kazakhstan (end of XIX-XX centuries)]. *Doctor's thesis*. Almaty [in Kazakh].
- 28 Belous, S.G. (2019). *Agrarnyi vopros v Kazakhstane v kontse XIX — nachale XX vekov i ego otrazhenie v kurse «Istoriia Kazakhstana»* [The agrarian question in Kazakhstan in the late 19th – early 20th centuries and its reflection in the course «History of Kazakhstan»]. *Doctor's thesis*. Almaty [in Russian].
- 29 Asylbekova, Zh.M., Apendiyev, T.A., & Zhusupova, A.D. (2023). To the question of the formation of kazakh workers in the pre-revolutionary period. *Abai Kazakh National Pedagogical University. Series “Historical and socio-political sciences”, 1(76), 7-18*. DOI:<https://doi.org/10.51889/1728-5461.2023.1.76.001>.
- 30 Elmuratova, B.Zh. (2008). *Istoriografiia sotsialno-politicheskikh dvizhenii v Kazakhstane* [Historiography of socio-political movements in Kazakhstan: a textbook]. Pavlodar: Kereku [in Russian].
- 31 Zinovev, V.P. (2007). *Industrialnye kadry staroi Sibiri* [Industrial personnel of old Siberia]. Tomsk: Izdatelstvo Tomskogo universiteta [in Russian]; Zinovev, V. (2013). *Sovremennaia istoriografiia industrialnykh kadrov dorevoliutsionnoi Sibiri* [Modern

historiography of industrial personnel of pre-revolutionary Siberia] *Sibirskie istoricheskie issledovaniia — Siberian historical research*, 1, 31-42 [in Russian]; Zinovev, V.P. (2014). Vidy zarabotnoi platy gornorabochikh Sibiri vo vtoroi polovine XIX — nachale XX v. [Types of wages of miners in Siberia in the second half of the 19th – early 20th centuries] *Sibirskie istoricheskie issledovaniia — Siberian historical research*, 3, 24-45 [in Russian]; Faraonov, V.N. (2013). Kharakter dokhodov rabochikh Zapadnoi Sibiri kontsa XIX — nachala XX v. [The nature of income of workers in Western Siberia in the late 19th – early 20th centuries] *Sibirskie istoricheskie issledovaniia — Siberian historical research*, 2, 25-32 [in Russian].

Авторлар туралы мәліметтер

Ельмуратова Ботагоз — тарих ғылымдарының кандидаты, кафедра профессоры, «Торайғыров университеті» КеАҚ, Павлодар, Қазақстан <https://orcid.org/0000-0002-3969-819X>

Ельмуратов Гани — саяси ғылымдарының кандидаты, кафедра профессоры, «Торайғыров университеті» КеАҚ, Павлодар, Қазақстан <https://orcid.org/0000-0003-0958-9387>

Кулумбаева Майса — мәдениеттану магистрі, аға оқытушы, «Торайғыров университеті» КеАҚ, Павлодар, Қазақстан <https://orcid.org/0000-0002-2972-5860>

Аубакиров Махсат — саясаттану магистрі, оқытушы, «Торайғыров университетінің» КеАҚ жоғары колледжі, Павлодар, Қазақстан <https://orcid.org/0009-0007-3222-0517>

Information about the authors

Yelmuratova Botagoz — Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, Toraigrov University, Pavlodar, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0002-3969-819X>

Yelmuratov Gani — Candidate of Political Sciences, Associate Professor, Toraigrov University, Pavlodar, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0003-0958-9387>

Kulumbaeva Maisa — Master of Cultural Studies, Lecturer, Toraigrov University, Pavlodar, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0002-2972-5860>

Aubakirov Mahsat — Master of Political Studies, Lecturer, Higher College Toraigrov University, Pavlodar, Kazakhstan, <https://orcid.org/0009-0007-3222-0517>